

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 ж. 8 тамыз N 2400. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 U952371_ Жарлығының редакциясындағы "1995 жылғы арналған Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 U952120_ Жарлығының 20-бабына с ә й к е с қ а у л ы е т е м і н :

1. 1995 жылғы 1 шілдеден бастап "Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2202 K952202_ қаулысымен бекітілген әскери қызметшілердің (шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерден басқаларының) және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының лауазымдық жалақылары мен әскери атақтары және арнаулы әскери атақтары бойынша жалақыларына 1,12 түзетілген есептеу коэффициенті қолданылсын.

2. Қызметте тұрған әскери қызметшілердің ішкі істер органдардың қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының осы қаулыға сәйкес өсірілген лауазымдық жалақылары мен әскери атақтары бойынша және арнаулы әскери атақтары бойынша жалақылары, бұрын тағайындалған зейнетақылары 1995 жылғы 1 шілдеден бастап қайта есептелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті